

**Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы  
мемлекеттік нормативтер**

---

**Государственные нормативы в области архитектуры,  
градостроительства и строительства**

**Автомобиль жолдарының монолиттік бетон  
жабынының деформациялық жіктерін герметикалап  
жабу жұмыстарын жүргізуге арналған**

**ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТА**

---

**ТЕХНОЛОГИЧЕСКАЯ КАРТА**

**производства работ на устройство деформационных  
швов монолитного бетонного покрытия автодорог с  
герметизацией**

**ҚР СНТК 8.07-06-2015  
ТКСН РК 8.07-06-2015**

**Ресми басылым  
Издание официальное**

**Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Құрылыс,  
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын  
басқару комитеті**

**Комитет по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и  
управления земельными ресурсами Министерства национальной  
экономики Республики Казахстан**

**Астана 2015**

**ҚР СНТК 8.07-06-2015. Технологиялық карта**  
**ТКСН РК 8.07-06-2015. Технологическая карта**

---

**АЛҒЫ СӨЗ**

- |   |   |
|---|---|
| <b>1. ӘЗІРЛЕГЕН</b>                                     | «ҚазҚСҒЗИ» АҚ   |
| <b>2. ҰСЫНҒАН</b>                                       | Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі (ҚР ҰЭМ) Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық (ТКШ) істері және жер ресурстарын басқару комитеті  |
| <b>3. ҚАБЫЛДАҒАН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН МЕРЗІМІ</b> | Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі (ҚР ҰЭМ) Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері (ТКШ) және жер ресурстарын басқару комитеті төрағасының 2015 жылғы 19 қазандағы №351-НҚ бұйрығымен |
| <b>4. ОРНЫНА</b>  | алғашқы рет   |

**Предисловие**

- |  |   |
|--|---|
| <b>1. РАЗРАБОТАНЫ</b>                  | АО «КазНИИСА»   |
| <b>2. ПРЕДСТАВЛЕНЫ</b>                 | Комитетом по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства (ЖКХ) и управления земельными ресурсами (УЗР) Министерства национальной экономики Республики Казахстан (МНЭ РК)   |
| <b>3. ПРИНЯТЫ И ВВЕДЕНЫ В ДЕЙСТВИЕ</b> | Приказом Председателя Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства (ЖКХ) и управления земельными ресурсами (УЗР) Министерства национальной экономики Республики Казахстан (МНЭ РК) от 19 октября 2015 года № 351-НҚ |
| <b>4. ВЗАМЕН</b>                       | впервые   |

Осы мемлекеттік нормативті ҚР сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі Уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара басуға, көбейтуге және таратуға болмайды.

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства РК.

**Мазмұны**

1 Жалпы ережелер.....	1
2 Қолданылу саласы.....	1
3 Нормативтік сілтемелер .....	2
4 Қолданылатын негізгі материалдар мен бұйымдардың сипаттамалары .....	4
5 Жұмыс жүргізуді ұйымдастыру және оның технологиясы .....	5
6 Материалдық-техникалық ресурстарға қажеттілік.....	31
7 Жұмыстардың сапасына қойылатын талаптар.....	33
8 Қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау .....	35
9 Еңбек шығындарының калькуляциясы.....	37

**БЕЛГІ ҮШІН  
ДЛЯ ЗАМЕТОК**

---

# АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫНЫҢ МОНОЛИТТІК БЕТОН ЖАБЫНЫНЫҢ ДЕФОРМАЦИЯЛЫҚ ЖІКТЕРІН ГЕРМЕТИКАЛАП ЖАБУ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗУГЕ АРНАЛҒАН ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТАСЫ

Енгізілген күні 2015-10-19

## 1 Жалпы ережелер

1.1 Автомобиль жолдарының монолиттік бетон жабынының деформациялық жіктерін герметикалап жабу жұмыстарын жүргізуге арналған технологиялық картасы Қазақстан Республикасының құрылыс объектілерінде қолдануға арналған қолданыстағы нормативтік техникалық құжаттардың (НТҚ) талаптарына сәйкес әзірленді.

1.2 Технологиялық карта құрылыс жұмыстарын ұйымдастыру, олардың технологиялары және оларды механикаландыру жөніндегі ұтымды шешімдермен құрылысты қамтамасыз етуге арналған.

1.3 Технологиялық картада «РФ шекарасы (Екатеринбургке) – Алматы» автомобиль жолының «Астана – Қарағанды – Балқаш – Алматы» Орталық-Оңтүстік дәлізін қайта жөндеу», 1275-1353 км учаскесі құрылыс объектісінде автожолдың цемент-бетон жабынына деформациялық тіліктер орнату қарастырылады. Бірінші кезегі – 4 жолақтық жүріс бөлігімен I-A санатындағы 1308 – 1320 км учаске.

1.4 Технологиялық карта мынадай бөлімдерді қамтиды:

- қолданылу саласы;
- нормативтік сілтемелер;
- қолданылатын негізгі материалдардың сипаттамалары;
- жұмыс жүргізуді ұйымдастыру және оның технологиясы;
- материалдық-техникалық ресурстарға қажеттілік;
- жұмыс сапасына қойылатын талаптар;
- қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау;
- еңбек шығындарының калькуляциясы.

1.5 Технологиялық картадағы еңбек режимі еңбекті бөлу, жетілдірілген құралдар мен мүкәммалды қолдану ескеріле отырып, жұмыс орнын ұтымды ұйымдастыру, бригада жұмысшыларының арасында міндеттерді нақты бөлу кезінде еңбек процестерін атқарудың оңтайлы шарттары негізге алынып қабылданды.

## 2 Қолданылу саласы

2.1 Автожолдың цемент-бетон жабынына деформациялық тіліктер орнату жөніндегі жұмыстарды атқару кезінде ҚР ҚНЖҚ 1.03-05, ҚР ҚН 1.03-00, ҚР ҚН 3.03-34-2006 басшылыққа алу қажет.

2.2 Осы технологиялық картада жұмыстарды жүргізудің төмендегі шарттарын сақтай отырып, автожолдың цемент-бетон жабынына деформациялық тіліктер орнату қарастырылады:

- бетонда негізбен үйкелістен туындайтын созылу кезіндегі кернеудің және ауаның ауытқымалы температурасының салдарынан туындайтын кернеудің, сондай-ақ көлік ағынының әсерінен туындайтын кернеудің шамалары ескеріле отырып, тіліктердің арасындағы қашықтық ҚНЖҚ 3.03-34 -2006\* және ҚР Р 218-66-2008 ұсынымдары бойынша белгіленеді;

- бетондық жабындыны төсеу кезінде тіліктер орнатудың жобалық схемасын қамтамасыз ету үшін әрбір тілікті бөлу және оларды жүріс бөлігіне жақын жатқан жол

жағалауы жолағына шығару арқылы геодезиялық дайындық қажет. Тіліктердің орналасатын жерлері арнайы белгілермен бекітіледі;

- көлденең және ұзына бойғы тың тіліктерді кесіп орналастыру жаңа салынған бетонға (салынғаннан кейін 6-8 сағаттан кешіктірілмей) қатаң белгіленген жерлерге жүргізіледі;

- тілік шетінің жүзін кеңейту, орнату, тілік камерасын тазарту және тығыздағыш профильді тілікке салу бетонмен беріктілікті бекіткеннен кейін жүргізіледі;

- жұмыстарды ұйымдастыруды және жүргізуді (құрылысты ұйымдастыру, жұмыстарды атқарудың дәйектілігі) НТҚ-ның, жұмыстар жүргізу жобасының (ЖЖЖ) және осы технологиялық картаның талаптарына сәйкес жүргізу қажет.

2.3 Деформациялық тіліктерді орнату жөніндегі жұмыстар мынадай технологиялық дәйектілікпен орындалады:

*а) дайындық жұмыстары;*

*б) негізгі жұмыстар;*

*в) ақырғы жұмыстар.*

2.4 Автожолдың цемент-бетон жабынына деформациялық тіліктер орнату жөніндегі технологиялық картада ҚР ҚНжҚ 1.03-05, ҚР ҚН 1.03-00, ҚР Р 218-66-2008 және басқа да қолданыстағы НТҚ, жұмыстар жүргізу жобасының және осы технологиялық картаның 2.2-тармағының талаптары сақталған кезде, жұмыстарды жылдың жылы уақытында екі ауысымда орындау көзделеді.

2.5 Технологиялық картаны байланыстыру кезінде жұмыстардың құрамын, механикаландыру құралдарын, еңбек және материалдық-техникалық ресурстарға қажеттілікті нақтылау, сапаны бақылау, еңбек пен қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларды түзету қажет.

2.6 Осы технологиялық картаны қолдану кезінде ағымдағы жылдағы жағдай бойынша жасалған, Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік құқықтық актілердің және нормативтік-техникалық құжаттардың тізбесі бойынша нормативтік құқықтық актілердің (НҚА) және НТҚ, сондай-ақ ағымдағы жылы жарияланған тиісті ақпараттық көрсеткіштер бойынша күшіне енген НҚА мен НТҚ қолданысын тексеру қажет.

Егер сілтемелік НҚА мен НТҚ ауыстырылса (өзгертілсе), онда осы технологиялық картаны қолдану кезінде ауыстырылған (өзгертілген) НҚА мен НТҚ-ны басшылыққа алу қажет.

Егер сілтемелік НҚА мен НТҚ ауыстырылмастан күші жойылса, онда оларға сілтеме берілген ереже осы сілтеме қозғалмайтын бөлігінде қолданылады.

### **3 Нормативтік сілтемелер**

Осы технологиялық картада мынадай нормативтік-техникалық құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

ҚР ТЖМ-ның 21.10.2011 ж. №245 бұйрығымен бекітілген жүк көтеретін крандарды орнату және қауіпсіз пайдалану бойынша өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптары.

«Өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 9 қазандағы № 1077 қаулысы.

ҚР ҚН 3.03-34-2006

ҚР ҚН 1.03-00-2011

Қатты жол жабындарын жобалау жөніндегі нұсқаулық  
Құрылыс өндірісі. Кәсіпорындар, ғимараттар және  
құрылыстар салуды ұйымдастыру.

ҚР ҚНжҚ 3.03-09-2006*	Автомобиль жолдары.
ҚР ҚНжҚ 1.03-05-2001	Құрылыста еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы
ҚР ҚНжҚ 2.02-05 2009*	Ғимараттар мен құрылыстардың өрт қауіпсіздігі
ВҚН 139-80	Автомобиль жолдарының цемент-бетон жабындарын салу жөніндегі нұсқаулық
МЕМСТ 12.1.004-91	ЕҚСЖ. Өрт қауіпсіздігі. Жалпы талаптар.
МЕМСТ 12.1.013-78	ЕҚСЖ. Электр қауіпсіздігі. Жалпы талаптар.
МЕМСТ 12.1.046-85	ЕҚСЖ. Құрылыс. Құрылыс алаңдарын жарықтандыру нормалары.
МЕМСТ 12.4.087-84	ЕҚСЖ. Құрылыс. Құрылыс каскалары. Техникалық шарттар.
МЕМСТ 310.4-81	Цементтер. Бүгу және қысу кезінде беріктілік шегін анықтау әдістері.
МЕМСТ 9416-83	Құрылыс деңгейлері. Техникалық шарттар.
МЕМСТ 9533-81	Кельмдер, күрекшелер және тілгіштер. Техникалық шарттар.
МЕМСТ 18105-2010	Бетондар. Беріктікті бақылау және бағалау қағидалары.
МЕМСТ 10060.0-2012	Бетондар. Аязға төзімділігін бақылау әдістері. Жалпы талаптар.
МЕМСТ 10180-2012	Бетондар. Бақылаулық үлгілер бойынша беріктігін анықтау әдістері.
МЕМСТ 10597-87	Сырлау кистілері мен щеткалары. Техникалық шарттар.
МЕМСТ 10922-2012	Дәнекерленген арматуралық және салынатын бұйымдар, темір-бетон конструкцияларының дәнекерленген арматуралық және салынатын бұйымдары. Жалпы техникалық шарттар.
МЕМСТ 11042-90	Құрылысқа арналған болат балғалар. Техникалық шарттар.
МЕМСТ 13087-81	Бетондар. Майдалануын анықтау әдістері.
МЕМСТ 25573-82*	Құрылысқа арналған арқандық жүк строптары. Техникалық шарттар.
МЕМСТ 25782-90	Қағидалар, үккіштер және жартылай үккіштер. Техникалық шарттар
МЕМСТ 26633-2012	Ауыр және ұсақ түйірлі бетондар. Техникалық шарттар.
МЕМСТ 28574-90	Құрылыста коррозиядан сақтау. Бетон және темір-бетон конструкциялар. Қорғаныштық жабындардың адгезиясын сынау әдістері.
МЕМСТ 30307-95	Жапсырылатын латекстік полимерлік құрылыс шайырлары. Техникалық шарттар. (2004 ж. басылым).
ҚР Р 218-66-2008	Өнімділігі жоғары жол машиналары жиынтығымен қатты жол жабындарының конструкцияларын орнату жөніндегі ұсынымдар

#### 4 Қолданылатын негізгі материалдар мен бұйымдардың сипаттамалары


##### 4.1 Көлденең және ұзына бойғы тіліктердің тығыздағыш профильдері

Температуралық тіліктерді саңылаусыздандыруға арналған материалдар олардың су өткізбеуін қамтамасыз етуге және тіліктерді құммен, қиыршық таспен, шағылмен және басқа да қатты материалдармен бітелуінен сақтауға тиіс.

Осы технологиялық картада автожолының бетон бетінің тіліктерін саңылаусыздандыруға арналған толтыру материалы ретінде тығыздағыш профиль қарастырылады. Тығыздағыш профиль салу шайыр қолдануды қажет етпейді.

Толтыру материалы плиталардың бүйір қырларының бетонымен ілінісуді бұзбастан, көрсетілген температуралар аралығында пішінін өзгерту қабілетіне ие (тілік толтырғыштың бетонмен ілінісуі оның жұмысының бүкіл мерзімі ішінде сақталуға тиіс).

Автожолдың бетон негізіндегі тығыздағыш профилінің жұмысы 1-суретте келтірілген.



1-сурет – Автожолдың бетон негізіндегі тығыздағыш профилінің жұмысы

##### 4.2 Тығыздағыш профильдерді түйістіруге арналған желім

Ұзына бойғы және көлденең тіліктердің тығыздағыш профильдерінің түйіскен жерлерін саңылаусыздандыру үшін МЕМСТ 30307-95 талаптарына сәйкес келетін бір құрауышты полиуретанды герметик қолданылады.

Герметик 600 мл жұмсақ сыққыштармен беріледі, ол тіліктер мен жарықтарды саңылаусыздандыруға арналған бір құрауышты, икемді, полиуретанды герметик болып табылады.

Герметик ультракүлгінге, реагенттерге, қышқылға, сілтілерге, көктайғаққа және үгітілуге қарсы төзімді болуға тиіс.

Техникалық сипаттамалары 1-кестеде келтірілген.

**1-кесте – Түйіске арналған желімнің техникалық сипаттамалары**

<b>Техникалық сипаттамалар</b>	
1	2
Негізі	полиуретан
Тұтқырлығы	тиксотроптық
Тығыздығы (EN542)	1440 кг/м <sup>3</sup>
Құрғақ қалдық	100%
Полимерлену жылдамдығы	24 сағат ішінде 3 мм
Шор бойынша қаттылығы А (EN ISO 868)	25
Ең көп жол берілетін деформациясы (ISO 11600)	25%
Созылуға беріктігі (ISO37/DIN 53504)	0,5 Н/кв.мм
Ажырауға дейін созылуы (ISO 37/DIN 53504)	250%
Қалпына келуі (EN ISO 7389)	70% жуық
Қолдану температурасы	от +5 до +35С
Сақтау температурасы	от +5 до +25С
Пайдалану температурасы	от -40 до +90С

4.3 Автожолдардың монолиттік бетон жабындарының деформациялық тіліктерін саңылаусыздандыра отырып орнату кезінде қолданылатын материалдар мен бұйымдар Қазақстан Республикасы нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес келуге тиіс.

Міндетті түрде сертификаттауға жататын материалдар мен бұйымдардың Қазақстан Республикасының сәйкестік сертификаты болуға тиіс.

**5 Жұмыс жүргізуді ұйымдастыру және оның технологиясы**

Бетонды жабын қозғалыстың әрбір бағытының жүріс бөлігі үшін жекелеген ағындармен салынады және төменгі және жоғарғы бетон қабаттарынан тұрады.

Жабынды осылайша дайындау екі қабатты деп аталады. Қарастырылып отырған технологиялық картада бетоннан жасалған қалыңдығы 27 см бетон жабыны екі қабатқа салынады (20 см – бірінші қабат және 7.0 см – екінші қабат).

Өздігінен болатын жарықтардың алдын алу және температуралық әсерлер кезінде бетон жабынының ұзындығы өзгеруінің орнын толтыру үшін бетон жабыны көлденең және ұзына бойғы деформациялық тіліктермен жеке плиталарға бөлінеді.

Жүк әсеріндегі аралас плиталардың бірлескен жұмысын қамтамасыз ету үшін плиталардың шеттерін металл істіктердің (дюбельдер мен анкерлердің) көмегімен біріктіреді.

Деформациялық тіліктер плита ұзындығының температуралық және күштік ықпалмен өзгеруінің орнын толтырады.

Деформациялық тіліктерді орнату үшін алдымен көлденең тіліктерде - 25-30%, ұзына бойғы тіліктерде - 40-45% орнату аймағындағы алдыңғы тың тілікті аралау (тілу) арқылы жаңадан салынған бетон жабынының жоғарғы көлденең қимасын бәсеңдету орындалады.

Тың тілік (жалған тілік) – плитаның қимасын плита қалыңдығының кемінде 1/3 тереңдігіне жоғарыдан кертүмен жасанды түрде бәсеңдету арқылы жарықтардың барынша ықтимал пайда болатын жерлерде бетон жабынына салынатын шектеулі тереңдіктегі деформациялық тілік.

Қатып қалған бетондағы тіліктерді кеңейтуді бастауды бетонның қату кинетикасы туралы деректердің негізінде зертханада айқындалуға және сынамалық керту арқылы жұмысты жүргізушімен бірлесіп нақтылануға тиіс.

Сынамалық керту кезінде тіліктердің жиектері 2-3 см артық сырланбауға тиіс.

Тіліктердің арасындағы қашықтық бетонда негізбен үйкелістен туындайтын созылу кезіндегі кернеудің және ауаның ауытқымалы температурасының салдарынан туындайтын кернеудің, сондай-ақ көлік ағынының әсерінен туындайтын кернеудің шамалары ескеріле отырып, ҚН 3.03-34 -2006 және ҚР Р 218-66-2008 ұсынымдары бойынша белгіленеді.

Ауыспалы-жылдамдық жолақтарында тіліктердің орналасу схемасы негізгі жолдағы тіліктермен біріктірілуге тиіс.

Қарастырылып отырған жобада көлденең тіліктермен бөлінген плитаның жалпы ұзындығы 5.0 м болып белгіленген.

Ұзына бойғы тіліктермен бөлінген плиталардың ені жалпы ені 11.0 болатын бекіту жолақтарын ескергенде, екі жолақтағы жүріс бөлігінің көлденең профилі негізге алына отырып белгіленген және 4.75, 3.75 және 2.5м құрайды.

Бетон жабынын орнату кезінде тіліктерді орнатудың жобалық схемасын қамтамасыз ету үшін әрбір тілікті бөлу және оларды жүріс бөлігіне жақын жатқан жол жағалауы жолағына шығару арқылы геодезиялық дайындық қажет. Тіліктердің орналасатын жерлері арнайы белгілермен бекітіледі.

Көлденең және ұзына бойғы тіліктерді керту екі кезеңде жүргізіледі.

Бірінші кезеңде:

- жаңадан салынған бетонға 6-8 сағаттан кешіктірілмей дюбельдер мен анкерлер қағылған, қатаң белгіленген жерлердегі берілген тереңдіктегі қиманы бәсеңдету үшін тың тіліктер араланады;

Екінші кезеңде:

- беріктілікті бетонмен бекіткеннен және аралаған жерлерде плитаның бүкіл қалыңдығында жарықтар пайда болғаннан кейін, көлденең тіліктерде тереңдігі 32 мм және ені 8,0 мм, ұзына бойғы тіліктерде тереңдігі 20 мм және ені 6 мм камера кертіледі;

- тіліктердің шеттеріне бетон плитада нақыстар мен жиек жарықтары пайда болуының алдын алу үшін 0.5x0.5 см жүз салынады;

- тіліктердің камералары щеткалы машинкамен тазартылады немесе қысылған ауамен үрленеді;

- тығыдағыш профиль орнату.

### **5.1 Автожолдың цемент-бетон жабынына деформациялық тіліктер орнату жөніндегі жұмыстарды жүргізуді ұйымдастыру**

5.1.1 Автожолдың цемент-бетон жабынына деформациялық тіліктер орнату жөніндегі жұмыстарды жүргізуді ұйымдастыруды жобалық құжаттаманың талаптарына, ҚР ҚН 1.03-00, ҚР ҚНжҚ 3.03-09-2006\*, ҚР Р 218-66-2008, қолданыстағы НТҚ, ЖЖЖ және осы технологиялық картаның талаптарына сәйкес орындау қажет.

5.1.2 Автожолдың цемент-бетон жабынына деформациялық тіліктер орнату жөніндегі жұмыстарды жүргізу басталғанға дейін:

- жұмыстарды жауапты орындаушыны тағайындау;

- жұмысшыларды жұмыс сызбаларымен, жұмыстар жүргізу жобасымен (ЖЖЖ) және осы технологиялық картамен таныстыру;

- қауіпсіздік техникасы журналдарына қол қоюмен мақсатты нұсқама өткізу;

- барлық құрылыс-монтаж жұмыстарын, әрлеу және арнайы жұмыстарды аяқтау;

- белгіленген нысанда акт жасай отырып, НТҚ ережелеріне сәйкес негізді қабылдауды жүргізу;

- жұмыстарды жүргізуге қатысатын мамандарға арнайы киім және жеке қорғану құралдарын беру;

- материалдарды, құралдарды, тетіктерді жұмыс орнына жеткізу қажет.

Жұмыс жүргізуді ұйымдастыру кезінде жұмыс орны санитарлық гигиена мен қауіпсіздік техникасының қағидалары сақтала отырып, өндірістік процестің талаптарына және жұмыстарды орындау шарттарына сәйкес дайындалуға тиіс.


Жұмыс орнындағы құралдар мен айлабұйымдардың саны ауысым бойында оларды алуға және ауыстыруға барынша аз шығындармен кідіріссіз жұмысты қамтамасыз ететіндей ең аз қажетті мөлшерде болуға тиіс.

Материалдарды автокөліктен түсіру және тарату қолмен атқарылады.


5.1.3 Автожолдың цемент-бетон жабынына деформациялық тіліктер орнату жөніндегі жұмыстар мынадай құрамдағы буын атқарады:

- тілік тілгіштердің 4 разрядты машинистері (М1, М2) – 2 адам;
- 4 разрядты жол жұмысшылары (Р1) – 1 адам;
- 3 разрядты жол жұмысшылары (Р2, Р3) – 2 адам;
- борт автомобилінің 4 разрядты жүргізушісі (МБ) – 1 адам;
- су құю-жуу машинасының 4 разрядты жүргізушісі (МП) – 1 адам.


5.1.4 Автожолдың цемент-бетон жабынының ұзына бойғы және көлденең тіліктерін орналастыру және олардың тіліктерінің схемасы 1.1-суретте келтірілген.





А.А қимасы



Бойлық тілік





**1.1-сурет – Автожолдың цемент-бетон жабынындағы ұзына бойғы және көлденең тіліктердің орналасуының және олардың қимасының схемасы**

## **5.2 Жұмыстарды жүргізу технологиясы**

### **5.2.1 Дайындық жұмыстары**

Операторлар және жол жұмысшылары тапсырма алады, жобалық құжаттамамен, ЖЖЖ-мен танысады, еңбекті қорғау және оны қауіпсіз атқару әдісі бойынша нұсқама алады, ЖҚҚ алады.

Тілік тілгіштердің операторлары бортты автомобильдің шанағынан тілік тілуге арналған тетіктерді түсіреді, бөшкелерден тілік тілгіштерге су беруге арналған

шлангілерді жалғап, тілік тілгіштерді ашады, тіліктерді тілуге арналған алмас дискілерді орнатады және жұмсалған суды (шлам) ағызу үшін автожол жолағының шетіне арбашаларды орналастырады.

### **5.2.2 Негізгі жұмыстар**

Деформациялық тіліктерді орналастыру жөніндегі жұмыстардың құрамына мынадай жұмыс түрлері кіреді:

- тіліктерді кесердің алдында жабынның көлденең сызықтарын 5 м қадаммен қарама-қарсы түсті бояумен белгі салу;
- тіліктерді кесердің алдында жабынның көлденең сызықтарын қарама-қарсы түсті бояумен белгі салу;
- тереңдігі 90 мм, ені 4 мм тың көлденең тіліктер салу;
- тереңдігі 110 мм, ені 4 мм тың ұзына бойғы тіліктер салу;
- тереңдігі 32 мм, ені 8 мм көлденең тіліктерді кеңейту;
- тереңдігі 20 мм, ені 6 мм ұзына бойғы тіліктерді кеңейту;
- жүзді алу және цемент-бетон жабынның көлденең тілігінің шеттерін орнату;
- жүзді алу және цемент-бетон жабынның ұзына бойғы тілігінің шеттерін орнату;
- көлденең тіліктің камерасын тазарту;
- ұзына бойғы тіліктің камерасын тазарту;
- көлденең тілікке қалыңдығы 8 мм тығыздағыш профиль салу;
- ұзына бойғы тілікке қалыңдығы 6 мм тығыздағыш профиль салу.

#### **5.2.2.1 Тіліктерді кесердің алдында жабынның көлденең және ұзына бойғы сызықтарына қарама-қарсы түсті бояумен белгі салу**

Жол жөндейтін жұмысшылар рулетканың көмегімен болат дюбельдер қағылған оське көшіру ішектерінің тіректеріне қатысты әрбір 5 м сайын маркермен белгі салады. Белгі салу үшін диаметрі 5-10 мм капрон бауды және су құрамындағы бояуды қамтитын белгі салу жиынтығы пайдаланылады. Жол жөндейтін екі жұмысшы бауға алдын ала дайындалған бояуды сіңіріп, жолдың екі жағында тұрып, бауды төсемнің шеттеріне салынған белгілерге жатқызады, ал үшінші жұмысшы бауды тігінен 20-30 см жоғары тартып, бауды босатады. Бояу сіңірілген бау автожолдың төсеміне ізін қалдырады.

Болат анкерлер қағылған осьтің бойына ұзына бойғы белгілер салу да осындай тәсілмен орындалады. Қарастырылып отырған жобада ұзына бойғы тіліктермен бөлінген плиталардың ені жалпы ені 11,0 м бекіту жолақтары ескеріле отырып, екі жолақты жүріс бөлігінің көлденең профилі негізге алынып белгіленеді және 4.75, 3.75 және 2.5м құрайды.

Көлденең тілікке жол белгісін салу 2-суретте келтірілген.

Ұзына бойғы тілікке жол белгісін салу 3-суретте келтірілген.

Салынған ұзына бойғы жол белгісі 4-суретте келтірілген.



2-сурет – Көлденең тілікке жол белгісін салу



3-сурет – Ұзына бойғы тілікке жол белгісін салу



**4-сурет – Ұзына бойғы тілікке салынған жол белгісі**

#### **5.2.2.2 Тереңдігі 90 мм, ені 4 мм көлденең тың тіліктер салу**

Тіліктерді тілу жөніндегі жұмыстарды жүргізуге көлденең тың тіліктерді тілуге арналған екі тілгіш қатысады. Бірінші тілік тілгіштегі жұмысшы тілгішті белгіленген сызыққа (болат дюбельдер қағу осі) орнатады және автожолдың бір шетінен қарама-қарсы шетіне дейін тілік кесіп шығады және тілгішті келесі белгіленген сызыққа ауыстырады. Екінші тілік тілгіштегі жұмысшы басқа белгіленген сызықта дәл сондай жұмысты атқарады және тілгішті келесі белгіленген сызыққа ауыстырады.

Тілгіштің қызуының алдын алу және бетонды тілуді жеңілдету үшін тілгіштің кесетін элементіне су беру тілгіштің рамасына орнатылған суға арналған күбішеден жүзеге асырылады. Жұмыстарды жүргізу кезінде күбішені қосалқы жұмысшы қолмен толтырады.

Көлденең тіліктерді тілгіштің жалпы түрі 5-суретте келтірілген.

Тілгішпен көлденең тың тілік салу 6-суретте келтірілген.



**5-сурет – Көлденең тіліктерді тілгіштің жалпы түрі**



**6-сурет – Тілгішпен көлденең тың тілік салу**

### 5.2.2.3 тереңдігі 110 мм, ені 4 мм ұзына бойғы тың тіліктер салу

Ұзына бойғы тың тіліктерді тілу жөніндегі жұмыстарды жүргізуге тіліктерді тілгіштердің екі машинисімен бірге ұзына бойғы тіліктерді тілуге арналған екі тілгіш және суға арналған күбілері бар екі арбаша қатысады.

Ұзына бойғы тіліктерді бірінші тілгіштің машинисі тілгішті автожол төсемінің бір жолағында белгіленген сызыққа (болат анкерлер қағылатын осьтердің бойына) орналастырады және бір бағытта қозғала отырып, тілік тіледі.

Ұзына бойғы тіліктерді екінші тілгіштің машинисі тілгішті автожол төсемінің екінші жолағында белгіленген сызыққа (болат анкерлер қағылатын осьтердің бойына) орналастырады және бір бағытта қозғала отырып, тілік тіледі.

Су жүретін шлангілердің көмегімен тілгіштерге жалғанған суы бар күбілер (*тілгіштің кесетін элементіне су беру дискінің қызуының алдын алу және бетонды тілуді жеңілдету үшін қажет*) су жүретін шлангілердің тартылуына қарай тілгіштер қозғалысының бағыты бойынша қозғалып отырады.

Практикада суы бар күбі салынған арбашаны шлангілердің тартылуын болдырмай, әрбір 100 м сайын тілгіштер қозғалысының бағыты бойынша қозғалтып отырады.

Су беруге арналған су жүретін шлангілердің диаметрі 20 мм және ұзындығы 50 м. Су жүретін шлангілер одан да ұзын болуы мүмкін.

Тілгіштің ұзына бойғы тың тіліктерді салуы 7 және 8-суреттерде келтірілген.


Ұзына бойғы және көлденең салынған тың тіліктер 9-суретте келтірілген.



7-сурет – Тілік тілгіштің ұзына бойғы тың тілікті салуы



**8-сурет – Тілік тілгіштің ұзына бойғы тың тілікті салуы**



**9-сурет – Бірінші кезеңде ұзына бойы және көлденең салынған тың тіліктер**

#### **5.2.2.4 Тереңдігі 32 мм, ені 8 мм көлденең тіліктерді кеңейту**

Тіліктерді кеңейту жөніндегі жұмыстарды жүргізуге машиналардың екі операторымен бірге көлденең тіліктерді тілуге арналған екі тілгіш қатысады.

Бірінші тілгішті басқаратын жұмысшы тілгішті көлденең тың тілікке орналастырады және тілікті автожол төсемінің шетінен қарама-қарсы шетіне дейін кеңейтеді, содан соң тілгішті келесі тілікке ауыстырады. Екінші тілгішті басқаратын жұмысшы басқа тың тілікте дәл сондай жұмысты атқарады және тілгішті келесі тілікке ауыстырады.

Тілгіштің қызуының алдын алу және бетонды тілуді жеңілдету үшін тілгіштің кесетін элементіне су беру тілгіштің рамасына орнатылған суға арналған күбішеден жүзеге асырылады. Жұмыстардың барысында күбішені қосалқы жұмысшы қолмен толтырады.

#### **5.2.2.5 Тереңдігі 20 мм, ені 6 мм ұзына бойғы тіліктерді кеңейту**

Тіліктерді кеңейту жөніндегі жұмыстарды жүргізуге тіліктерді тілгіштердің екі машинисімен бірге ұзына бойғы тіліктерді тілуге арналған екі тілгіш және суға арналған күбілері бар екі арбаша қатысады.

Ұзына бойғы тіліктерді бірінші тілгіштің машинисі тілгішті автожол төсемінің бір жолағында тілінген тілікке (болат анкерлер қағылатын осьтердің бойына) орналастырады және бір бағытта қозғала отырып, тілік тіледі.

Ұзына бойғы тіліктерді екінші тілгіштің машинисі тілгішті автожол төсемінің екінші жолағында тілінген тілікке (болат анкерлер қағылатын осьтердің бойына) орналастырады және бір бағытта қозғала отырып, тілік тіледі.


Су жүретін шлангілердің көмегімен тілгіштерге жалғанған суы бар күбілер (тілгіштің кесетін элементіне су беру дискінің қызуының алдын алу және бетонды тілуді жеңілдету үшін қажет) су жүретін шлангілердің тартылуына қарай тілгіштер

қозғалысының бағыты бойынша қозғалып отырады.

Практикада суы бар күбі салынған арбашаны шлангілердің тартылуын болдырмай, әрбір 100 м сайын тілгіштер қозғалысының бағыты бойынша қозғалтып отырады.

Су беруге арналған су жүретін шлангілердің диаметрі 20 мм және ұзындығы 50 м. Су жүретін шлангілер одан да ұзын болуы мүмкін.

Шетінің өткір жүзі қырқылып кеңейтілген көлденең тілік 10-суретте келтірілген.



**10-сурет – Шетінің өткір жүзі қырқылып кеңейтілген көлденең тілік**

1 – өткір жүзі бар тілік, 2 – өткір жүзсіз тілік

#### **5.2.2.6 Өткір жүзді қырку және цемент-бетон жабынының көлденең және ұзына бойғы тіліктерінің шеттерін салу**

Жол жөндейтін жұмысшы 5,0 кВт дейінгі тіліктер тілгішті төсем шетінің бір жағындағы кеңейтілген көлденең тілігіне орналастырады және тілік шетінің өткір жүзін қырқа отырып қарама-қарсы шетке қарай қозғалады.

Бір қармаудың өткір жүзін қырку жөніндегі жұмыстар аяқталғаннан кейін тілгіш келесі қармауға ауыстырылады.

Ұзына бойғы тілік шетінің өткір жүзін қырку жұмыстарын жүргізуді жол жөндейтін жұмысшы 5,0 кВт дейінгі тілік тілгіш арқылы ұқсас тәсілмен орындайды.

Тілік шеттерінің өткір жүзін қыркуға арналған тілік тілгіш және тілік шеттерінің өткір жүзін қырку жұмыстарын жүргізу 11 және 12-суреттерде келтірілген.



**11-сурет – Тілік шеттерінің өткір жүзін қыркуға арналған машина**



**12-сурет – Тілік шеттерінің өткір жүзін қырку жұмыстарын жүргізу**

### **5.2.2.7 Көлденең және ұзына бойғы тіліктер камерасын щеткалы машинамен тазарту**

Көлденең және ұзына бойғы тіліктерді тазартуды тек жұмысшы органын щеткалы дискіге ауыстырып, сол 5,0 кВт дейінгі тіліктер тілгішпен орындайды.

Жол жөндейтін жұмысшы өткір жүзді қыркуға арналған машинаны төсем шетінің кеңейтілген көлденең тілігінің бір жағына қояды және тілікті тазарта отырып, төсемнің қарама-қарсы шетіне қарай қозғалады.

Тіліктің бір бөлігін тазарту аяқталғаннан кейін тілгіш келесі тілікке ауыстырылады.

Ұзына бойғы тілік шетінің өткір жүзін қырку жұмыстарын жүргізуді жол жөндейтін жұмысшы 5,0 кВт дейінгі тілік тілгіш арқылы ұқсас тәсілмен орындайды.

Тіліктерді тазарту бойынша жұмыстарды тілік тілгішпен жүргізу 13-суретте келтірілген.

Тазартылғанға дейінгі ұзына бойғы кеңейтілген тілік 14-суретте келтірілген.

Кеңейтілгеннен, өткір жүзі қыркылғаннан және тазартылғаннан кейінгі деформациялық тілік 15-суретте келтірілген.

Ұзына бойғы және көлденең тіліктерді тілу жұмыстарын жүргізудің жалпы түрі 16-суретте келтірілген.


Ұзына бойғы және көлденең тіліктердің жалпы түрі 17-суретте келтірілген.



**13-сурет – Тіліктерді щеткалы машинамен тазарту жұмыстарын жүргізу**



**14-сурет – Тазартылғанға дейінгі кеңейтілген ұзына бойғы тілік**



**15-сурет – Кеңейтіліп, жүзі қырқылып, тазартылған деформациялық тілік**



**16-сурет – Ұзына бойғы және көлденең тіліктерді тілу жұмыстарын жүргізудің жалпы түрі**



**17-сурет – Ұзына бойғы және көлденең тіліктердің жалпы түрі**

**5.2.2.8 Көлденең тілікке қалыңдығы 8 мм тығыздағыш профиль салу**

Жол жөндейтін жұмысшы тығыздағыш профильдің орамын тығыздағыш профильді

тарқатуға арналған механикалық құрылғыға салады.

Жол жөндейтін екінші жұмысшы тығыздағыш профильдің бір ұшын алады және оны жабынның қарама-қарсы шетіне дейін тартады және профильдің ұшын 5 см қалдырып, 40-50 см тілікке енгізеді.

Жол жөндейтін бірінші жұмысшы 5 см қалдырып төсем шетіндегі профильді кеседі және келесі тілікке өтеді.

Үшінші жұмысшы профиль салуға арналған механикалық құрылғының көмегімен профильді тіліктің саңылауына енгізеді, ал екінші жұмысшы профильдің тілікке дұрыс енгізілуіне ықпал ету үшін профильді тартып, оған көмектеседі.

#### **5.2.2.9 Ұзына бойғы тілікке қалыңдығы 6 мм тығыздағыш профиль салу**

Жол жөндейтін жұмысшы тығыздағыш профильдің орамын тығыздағыш профильді тарқатуға арналған механикалық құрылғыға салады.

Жол жөндейтін екінші жұмысшы тығыздағыш профильдің бос ұшын алады және оны ұзына бойғы тілікке 40-50 см кіргізеді.

Үшінші жұмысшы орамдағы профильді бүкіл ұзындығына тарта отырып, тіліктің сызығы бойынша жүріп, профиль салуға арналған құрылғыны тартады.

Жол жөндейтін екінші жұмысшы профиль салуға арналған механикалық құрылғының көмегімен профильді ұзына бойғы тіліктің саңылауына енгізеді, ал бірінші жұмысшы профильдің тілікке дұрыс енгізілуіне ықпал ету үшін профильді тартып, оған көмектеседі, сондай-ақ көлденең және ұзына бойғы тіліктердің қиылысатын жеріне профильдердің жабысуын қамтамасыз ететін желім жағады.

Тығыздағыш профильді тілікке салу машинкасы 18-суретте келтірілген.

Тығыздағыш профильді тілікке салу жұмыстарын жүргізу 19 және 21-суреттерде келтірілген.

Көлденең тілікке салынған тығыздағыш профиль 22-суретте келтірілген.

Ұзына бойғы тілікке салынған тығыздағыш профиль 23-суретте келтірілген.



**18-сурет – Тығыздағыш профильді тілікке салатын машинка**



19-сурет – Тығыздағыш профильді көлденең тілікке салу жұмыстарын жүргізу



20-сурет – Тығыздағыш профильді тілікке салу жұмыстарын жүргізу



**21-сурет – Тығыздағыш профильді тілікке салу жұмыстарын жүргізу**



**22-сурет – Көлденең тілікке салынған тығыздағыш профиль**



**23-сурет – Ұзына бойғы тілікке салынған тығыздағыш профиль**

#### **5.2.2.10 Ақырғы жұмыстар**

Ауысымның соңында жұмысшылар жұмыс орындарын жинастырады, машинистер мен жұмысшылар машиналардың жұмыс тораптарын тазартады, тілік салуға арналған жұмыс сегменттерін алады, су беруге және шламды ағызуға арналған шлангілерді ажыратады, оларды жүк автомобилінің шанағына тиейді.

5.2.3 Деформациялық тілік салу жөніндегі операциялық карта 2-кестеде келтірілген.

## 2-кесте – Деформациялық тілік салу жөніндегі операциялық карта

Операцияның атауы	Технологиялық қамтамасыз ету құралдары (технологиялық жарақ, аспаптар, мүкәммал, айлабұйымдар), машиналар, тетіктер, жабдық	Орындаушы	Операцияның сипаттамасы
1	2	3	4
<b>Дайындық жұмыстары</b>			
Дайындық жұмыстары	-	Тілік тілгіштердің 4 разрядты машинистері (М1, М2) – 2 адам; Манипуляторы бар бортты автомобильдің 4 разрядты жүргізушісі (МБ) – 1 адам; Су шашу-жуу машинасының 4 разрядты жүргізушісі (МП) – 1 адам; Жол жөндейтін 4 разрядты жұмысшылар (Р1) – 1 адам; Жол жөндейтін 3 разрядты жұмысшылар (Р2, Р3) – 2 адам.	Машинистер және жол жұмысшылары тапсырма алады, жобалық құжаттамамен, ЖЖЖ-мен танысады, еңбекті қорғау және оны қауіпсіз атқару әдісі бойынша нұсқама алады, ЖҚҚ алады. М1, М2 және Р2, Р3 манипулятордың көмегімен бортты автомобильдің шанағынан тілгіштерді түсіреді, тілік тілгіштерді ашады, күбішелерден тілік тілгіштерге су беруге арналған шлангілерді жалғайды, кесу дискілерін орнатады.

## 2-кестенің жалғасы

1	2	3	4
<b>Негізгі жұмыстар</b>			
Тіліктерді тілердің алдында жабынның көлденең сызықтарына қарама-қарсы бояумен белгі салу (қадам – 5 м)	Белгі салу жиынтығы (сыршы бауы + белгі салу бояуы), рулетка, маркер	P1, P2, P3	P1, P2 рулетканың көмегімен болат дюбельдер қағылған оське көшіру ішектерінің тіректеріне қатысты әрбір 5 м сайын маркермен белгі салады. P1, P2 бауға алдын ала дайындалған бояуды сіңіріп, жолдың екі жағында тұрып, бауды төсемнің шеттеріне салынған белгілерге жатқызады, ал P3 бауды тігінен 20-30 см жоғары тартып, бауды босатады. Бояу сіңірілген бау автожолдың төсеміне ізін қалдырады.
Тіліктерді тілердің алдында жабынның ұзына бойғы сызықтарына қарама-қарсы бояумен белгі салу	Белгі салу жиынтығы (сыршы бауы + белгі салу бояуы), рулетка, маркер	P1, P2, P3	P1, P2 рулетканың көмегімен болат дюбельдер қағылған оське маркермен белгі салады. P1, P2 бауға алдын ала дайындалған бояуды сіңіріп, жолдың екі жағында тұрып, бауды төсемнің шеттеріне салынған белгілерге жатқызады, ал P3 бауды тігінен 20-30 см жоғары тартып, бауды босатады. Бояу сіңірілген бау автожолдың төсеміне ізін қалдырады.
Көлденең тың тіліктерді салу (тереңдігі 90 мм, ені 4 мм)	Көлденең деформациялық тілік салуға арналған тілік тілгіштер	P1, P2, P3	Бірінші тілік тілгіштегі P1 жұмысшы тілгішті белгіленген сызыққа (болат дюбельдер қағу осі) орнатады және автожолдың бір шетінен қарама-қарсы шетіне дейін тілік кесіп шығады және тілгішті келесі белгіленген сызыққа ауыстырады. Екінші тілік тілгіштегі P2 жұмысшы басқа белгіленген сызықта дәл сондай жұмысты атқарады және тілгішті келесі белгіленген сызыққа ауыстырады. P3 тілгіштердің жұмысы барысында суға арналған күбішелерді шелектің көмегімен суға толтырады. Су тілік тілу жұмыстарының бағыты бойынша қозғалатын арбашаларға орнатылған 1000 литрлік күбілерден алынады.

## 2-кестенің жалғасы

1	2	3	4
Ұзына бойғы тың тіліктерді салу (тереңдігі 110 мм, ені 4 мм)	Ұзына бойғы деформациялық тілік салуға арналған тілік тілгіштер.	M1, M2, P1, P2, P3	M3, M4 тілгіштерді белгіленген сызыққа (болат дюбельдер қағу осі) бір-біріне параллель орналастырады, және әрқайсысы бір бағытта жылжи отырып, тың тілікті тіледі. P1, P2, P3 суы бар күбі салынған арбашаны шлангілердің тартылуын болдырмай, әрбір 100 м сайын тілгіштер қозғалысының бағыты бойынша қозғалтып отырады.
Көлденең тілікті кеңейту (тереңдігі 32 мм, ені 8 мм)	Көлденең деформациялық тілік салуға арналған тілік тілгіштер.	P1, P2, P3	Бірінші тілгіштің P1 жұмысшысы тілгішті көлденең тың тілікке орналастырады және тілікті автожол төсемінің шетінен қарама-қарсы шетіне дейін кеңейтеді, содан соң тілгішті келесі тілікке ауыстырады. Екінші тілік тілгіштің P2 жұмысшысы басқа тың тілікте дәл сондай жұмысты атқарады және тілгішті келесі тілікке ауыстырады. P3 тілгіштердің жұмысы барысында суға арналған күбішелерді шелектің көмегімен суға толтырады. Су тілік тілу жұмыстарының бағыты бойынша қозғалатын арбашаларға орнатылған 1000 литрлік күбілерден алынады.
Ұзына бойғы тілікті кеңейту (тереңдігі 20 мм, ені 6 мм)	Ұзына бойғы деформациялық тілік салуға арналған тілік тілгіштер.	M1, M2, P1, P2, P3	M3, M4 тілгіштерді тілінген ұзына бойғы тілікке (болат дюбельдер қағу осі) бір-біріне параллель орналастырады, және әрқайсысы бір бағытта жылжи отырып, тілікті кеңейтеді. P1, P2, P3 суы бар күбі салынған арбашаны шлангілердің тартылуын болдырмай, әрбір 100 м сайын тілгіштер қозғалысының бағыты бойынша қозғалтып отырады.
Цемент-бетон жабынының көлденең тілігі шетін орналастыру және оның өткір жүзін қырку	Бензинмен жұмыс істейтін 5,0 кВт дейінгі тілік тілгіш	P1, P2	P1 өткір жүзді қыркуға арналған машинаны төсем шетінің бір жағындағы кеңейтілген көлденең тілігіне орналастырады және төсемнің қарама-қарсы шетіне қарай қозғалады. Кесінді аяқталғаннан кейін P1, P2 машинаны келесі тілікке қояды. P2 жұмыс барысында P1 көмектеседі.

## 2-кестенің жалғасы

1	2	3	4
Цемент-бетон жабынының ұзына бойғы тілігі шетін орналастыру және оның өткір жүзін қырку	Бензинмен жұмыс істейтін 5,0 кВт дейінгі тілік тілгіш	P1, P2	P1 өткір жүзді қыркуға арналған машинаны төсемнің тілінген және кеңейтілген көлденең тілігіне орналастырады және тілік бағыты бойынша қозғала отырып, өткір жүзді қырқады. Кесінді аяқталғаннан кейін P1, P2 машинаны келесі тілікке қояды. P2 жұмыс барысында P1 көмектеседі.
Көлденең тіліктің камерасын тазарту	Бензинмен жұмыс істейтін 5,0 кВт дейінгі тілік тілгіш	P1, P2	P1 щеткалы машинаны тілік камерасын тазарта отырып, тілінген және кеңейтілген көлденең тілікке орналастырады, кейіннен келесі тілікке ауыстыра отырып, төсемнің бір жағынан екінші жағына қарай қозғалады. P2 жұмыс барысында P1 көмектеседі.
Ұзына бойғы тіліктің камерасын тазарту	Бензинмен жұмыс істейтін 5,0 кВт дейінгі тілік тілгіш	P1, P2	P1 щеткалы машинаны тілік камерасын тазарта отырып, тілінген және кеңейтілген көлденең тілікке орналастырады, кейіннен келесі тілікке ауыстыра отырып, тілік бағыты бойынша қозғалып, өткір жүзді қырқады. P2 жұмыс барысында P1 көмектеседі.
